

## Дәрілік заттарды № 45 ерекше сатып алудың қорытындысы туралы хаттама

Нұр-Сұлтан қ.  
Достық к-сі, 13/3 үй

29 желтоқсан 2020 жыл

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 29 шілдедегі №12-01-5/4416-И, 2020 жылғы 04 тамыздағы №12-01-5/4619-И, 2020 жылғы 12 тамыздағы №12-1-12/5011-И, 2020 жылғы 19 қазандағы №01-1-16/7710-И тапсырмалары негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына және «Дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 12-2/505 бұйрығына сәйкес, комиссия құрамы:

1. Искалиев Е.С. – Басқарма төрағасы, комиссия төрағасы;
2. Салиев А.С. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Қансұлтан Н.Ғ. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
4. Омарова Г.А. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
5. Калмагамбетова А.Т. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
6. Альжанов Б.Т. – қауіпсіздік қызметтің бастығы;
7. Ербатыр Е.Е. – сатып алу басқармасының бастығы;
8. Коскельдинова А.К. – құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;
9. Жакипова Э.Ж. - өнім берушілерді және отандық тауар өндірушілерді сүйемелдеу басқармасының бастығы,

дәрілік заттарды ерекше сатып алуға қатысу үшін 2020 жылғы 29 желтоқсандағы сағат 10.00-ге дейін комиссия хатшысының [a.kaibagarova@sk-pharmacy.kz](mailto:a.kaibagarova@sk-pharmacy.kz) электрондық поштасына келіп түскен өтінімдерді карап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. 2020 жылғы 24 желтоқсанда «СҚ-Фармация» ЖШС [www.sk-pharmacy.kz](http://www.sk-pharmacy.kz) интернет-ресурсында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алуға, төтенше жағдайларды болдырмауға және олардың салдарын жою мақсатында осы хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес ерекше сатып алу туралы шақыру орналастырылды.

2. Қатысуға өтінімдерді мынадай әлеуетті өнім берушілер ұсынған:

Атауы, БСН	Орналасқан орны	Күні мен уақыты	E-mail
«Химфарм» АҚ 931240000335	Шымкент қаласы, Шараф Рашидов көшесі, № 81 үй	28.12.2020 15.05	Акрам Имамходжаев <akasmad@gmail.com>

3. Осы хаттамаға 2-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші сауда атауы бар 1 дәрілік затты ерекше сатып алуға қатысуға өтінім ұсынды.

4. Дәрілік заттардың 1 атауы бойынша № 2 позиция бойынша ерекше сатып алуға қатысуға өтінімдер ұсынылған жоқ.

5. Әлеуетті өнім беруші «Химфарм» АҚ-ның өтінімі Қағидалардың 20-тармағының 10) тармақшасында көзделген сауда атауы бойынша шекті бағалардың артуына байланысты Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді.

6. Әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын қарау нәтижелері бойынша Комиссия Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабының 1-тармағын, 3, 20, 212, 214, 247, 253, 262, 372 **ШЕШТІ:**

1) Қағидалардың 247-тармағы 27) тармақшасының негізінде сауда атауына шекті бағадан жоғары бастапқы баға ұсынысын ұсынуға байланысты №1 позиция бойынша әлеуетті өнім беруші «Химфарм» АҚ өтінімі қабылданбасын;

2) № 2 позиция бойынша дәрілік заттардың 1 атауын сатып алу Қағидалардың 262-тармағы 1) тармақшасының негізінде өтінімдердің болмауына байланысты өтпеді деп танылсын;

Осы хаттама «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында жариялануға жатады.

**Комиссия төрағасы**

**Е. Искалиев**

**Комиссия төрағасының орынбасары**

**А. Салиев**

**Комиссия мүшелері:**

**Н. Қансұлтан**

**А. Калмагамбетова**

**Г. Омарова**

**Б. Альжанов**

**А. Коскельдинова**

**Е. Ербатыр**

**Э. Жакипова**

**Комиссия хатшысы**

**А. Кайбагарова**